

У.И. Копжасарова¹, С.Х. Айтбаева², И.В. Новицкая³, Б.А. Бейсенбаева⁴

^{1,2,4}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан;

³Томск мемлекеттік университеті, Ресей

(Хат-хабарға арналған автор: saltanatalken@mail.ru *)

Техникалық мамандық студенттерін кәсіби бағытталған шетел тіліне оқытудың ерекшеліктері

Болашақ мамандардың шетел тіліндегі кәсіби қарым-қатынас дағдыларына деген сұраныс жоғары білімнің білім беру стандарттарында көрінеді, онда оқытудың әртүрлі ұйымдастырушылық және әдістемелік формаларында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдануға баса назар аударылады. Мақалада техникалық университет қабырғасында шетел тілін оқыту мәселелері мен жағдайы қарастырылған. Еліміздің жаһандық қоғамдастыққа енуіне орай жас мамандар өздерінің болашақ кәсіп мансаптарында шетел тілін тиімді пайдалануы керек. Қазіргі уақыттағы маман иелерінің кәсіби мансап саласындағы шетелдік қарым-қатынасы әлемдік қауымдастықтағы мамандардың ғылыми, кәсіби және іскерлік байланыстарының өсу қарқынына орай, тілдік емес жоғары оқу орындарында шетел тілдерін оқытудың ерекше маңыздылығы бар екені анық. Бұл міндет техникалық мамандық иелерінің шетел тіліндегі кәсіби қарым-қатынасын оқытудың рөлін күшейту қажеттілігін тудырды. Техникалық мамандық иелерінің кәсіби шетел тілдік сөйлесу құзыреттілігінің дамуы ретінде шетел тілі арқылы қарым-қатынас жасау барысында өзара іс-қимыл мен байланыс жасайтын тұлға иесі, интеграция мен халықаралық деңгейдегі көп мәдениетті кеңістік жағдайында мәдениетаралық кәсіби тұрғыдан диалогты жүзеге асыруға дайын екендігін түсінеміз. Бұл сұраныс жоғарғы оқу орын студенттерінің кәсіби бағыттағы қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту жолдарын қарастыру мақсатын көздеп, болашақ маман иелерін кәсіби бағыттағы қарым-қатынас, болашақ жұмыс бабында іскерлік қарым-қатынас жасай алуға оқыту — міндеттері болып табылады.

Кілт сөздер: коммуникативті құзыреттілік, кәсіби қарым-қатынас, интеграция, коммуникация, пәндік құзыреттілік, лингвистикалық құзыреттілік, прагматикалық құзыреттілік, ауызша және вербальды емес.

Kipicne

Біздің еліміздің әлемдік білім беру кеңістігіне кіріп дамыған мемлекеттердің қатарында болу деген мақсаты, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы, білім беру парадигмасының өзгеруі болып табылуда, ол санасы мен дүниеге көзқарас мәдениеті дамыған, келешекте жаңаша ойлайтын ұрпағын оқыту сапасын арттырудың қажетті заңды құбылыс. Осыған байланысты, еліміздің саяси, әлеуметтік, экономикалық тұстарына белсенді қатысудан әрдайым бас тартпайтын, құзыретті тұлғаны қалыптастыру жолдары білім берудің негізгі міндеті [1].

Соның ішінде, тіл — ұлт пен ұлтты, адам мен адамды жақындастыратын ерекше де, маңызды қатынас құралы. Тілмен сөйлесу адамзат баласы үшін ішкі құбылыс ғана емес, ол тысқары бір дүние. Тілді үйрету әдісі, уақыт ағымына қарай өзгеріп, үнемі заман талабына сай дамып, жетілуде, оның себебі адам тіл арқылы бір-бірімен қатынасып отыруда.

Тіл дегеніміз өмірдегі бар жаратылыстардың ішіндегі ең күрделі құбылыс. Бұл мәселеге тек барлық ғылымның мамандарымен қатар лингвист ғалымдары да айрықша зерттеу жүргізіп, назар аударады. Халықаралық деңгейде қарым-қатынастары жоғары дамыған барлық елдерде қазіргі таңда тілдік қатынас мәселесіне ерекше назар аударылуда. Дамып отырған заманның бағыттары бойынша білім беру реформасының басты шарты — қазіргі жоғарғы білім беру мекемелерінде білім беру мазмұны мен құрылымдық жүйесін жаңарту болып есептелінеді. Әр оқытушының білім беру жұмысында, өзінің тәжірибесінде келесі білім беру жолдарын қарастырып меңгеруі керек, осы талапқа сәйкес оқыту барысында жаңа технологияларын енгізе отырып, студенттердің сөйлеу дағдысын дамытумен қатар, қажетті жағдайларда шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру, тұлға бойындағы белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы қалыптастырылуы айрықша орын алатыны сөзсіз [2].

Материалдар мен әдістер

Коммуникативтілік дегеніміз — адамның қарым-қатынасқа бейімділігі ретінде психолог-педагогикалық зерттеулерінде анықталады. Коммуникативті адам дегеніміз бойында белгілі бір сөйлеу алу құзыреттілігінің болуы. Коммуникативті құзыреттілік кешенін игеру адамның дамуы мен қалыптасуымен қатар, қарым-қатынас жасауына көмектеседі.

Шетел тілінде коммуникативтілік бағытта оқыту — студенттерің тілдің коммуникативтік құзыреттілігін дайындау, ол білім алушылар, студенттер шетел тілді іс-жүзінде қолдануға дайын болуы керек деген мағынаны білдіреді [3].

Бүгінгі білім беру үрдісінде «құзыреттілік» деген ұғымы «білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда». Бұл «құзыреттілік» ұғымы оқыту үрдісінде студенттер өздерінің білім, тәжірибесін, дағдылары және біліктерін айрықша белгілі бір мәселені шешу жолында қолдануы деп танылады. Ғалымдар оқыту үрдісіндегі құзыреттіліктерге әртүрлі анықтамалар берген.

Коммуникация дегеніміз ортақ түсінушілікке қол жеткізетін екі адамның ақпарат алмасу үрдісін білдіреді. «Коммуникация» терминін латын тілінен аударғанда «жалпы, барлығымен бөлісу» дегенді ұғымды білдіреді. Коммуникация жетістігін анықтау мақсатында, кері байланысты толығымен білу керек, яғни адамдар сізді қалай түсінді, қалай қабылдады деген сұрақтарға жауап берілуі тиіс. Егер өзара түсінушілік болмаса, онда коммуникация да болмайды.

Жалпы алғанда, құзыреттілік дегеніміз бұл тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланыстағы білім, дағдылар мен білік жиынтығының болуы, ал коммуникативті құзыреттілік — ол адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас жасау жолдарының тәсілдерін білуі, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау, қоғамдағы әр қилы әлеуметтік рөлдерді орындау іскерлігі, әр түрлі топтарда жұмыс істеу дағдыларға ие болуы деп есептеледі.

Коммуникативтік құзыреттілік деп басқа адамдармен тиімді қатынасты орната білу және өзін ұстай алу қабілеттіліктерінің болуын, адамның біліміне, мәдениетіне, жасына, өмірлік және кәсіби тәжірибесіне, психологиялық даму деңгейіне байланысты коммуникативтілік қабілеттілік ерекшеленуін атап өтуге болады.

Басқа ғылымдардың пайымдауы бойынша, коммуникативтік құзыреттілік ретінде студенттер және қоғам үшін күнделікті оқу барысында, қатысымдық мақсатты іске асыруда тіл және сөз құралдарын пайдалана алу, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігін атап көрсеткен. Қорыта келгенде, коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру дегеніміз студент басқа сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында, сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе алуы болып саналады.

Қарым-қатынас құзыреттілігінің жүйелі үлгісі келесі түрде берілген:

- коммуникативті-бағдарланатын (қарым-қатынас жоспарын дайындайды, қарым-қатынас үшін мәтін жасайды, қарым-қатынастың қашықтығы мен ұстанымын, түрін таңдайды);
- коммуникативті-анықтамалық (алдағы коммуникативті қызмет жағдайында әлеуметтік-психологиялық жағдай мен әлеуметтік мүмкіндіктерді анықтау, сонымен бірге әлеуметтік-психологиялық және онда жеке тұлғаның қарым-қатынасы басқа да қарама-қайшылықтарға тап болуы мүмкін);
- коммуникативті-ұйымдастырылатын (қарым-қатынас туралы серіктестің назар аударуын ұйымдастыру мақсатында оның коммуникативті белсенділігін ынталандыру);
- коммуникативті-орындаушылық (коммуникативті жағдайды анықтау міндетінде жеке тұлғаның таңқалысы, маңызды жеке бағыттағы қарым-қатынасты ертерек жүзеге асыру).

Ғалым Д. Хаймздың тұжырымдамасы бойынша «коммуникативті құзыреттілік» ұғымын келесідей құзыреттіліктермен біріктіріп айқындайды:

- лингвистикалық (дұрыс тілдік қатынастың болуы);
- дискурсивті (айтылатын ойды дұрыс құра білу ережесі);
- әлеуметтік-лингвистикалық (диалектикалық сөздер ережесі);
- стратегиялық (серіктесімен қарым-қатынасты сақтау ережесі).

Хаймздың тұжырымдамасы бойынша коммуникативтік құзыреттілік өзара қарым-қатынас, байланыс құзыреттілікпен қатар, тағы да екі құрамдас бірліктері біріктіріледі, олар келесі түрде берілген: байланыс жасаудағы қажеттіліктің дамуын сипаттайтын тұлғаның сөйлесу қасиеттері мен белсенділік танытуға қабілеттілігі, әріптестерінің жағдайына эмоционалды үндесу, қарым-қатынастың жеке

бағдарланған жоспардың қалыптасуы мен іске асырылуы, қарым-қатынаста өзін ынталандыруға қабілеттілігі.

Көптеген психологтардың пікірі бойынша, тұлғаның сөйлесу мәдениеті туралы айтылуы, келесі жүйе ретінде қарастырылғаны жөн:

- Шығармашылық ойдың болуы;
- Сөздік іс-әрекет мәдениеті;
- Қарым-қатынаста өзін бейімдеу мәдениеті мен өзінің жағдайын психоэмиционалды реттеуі;
- Бім мен қимыл пластикасының мәдениеті;
- Қарым-қатынас бойынша әріптестің коммуникативті сөйлесу іс-әрекетін қабылдау мәдениеті;
- Сезім мәдениетінің біріктірілуі, өз ойын дәлелдей алуы.

Коммуникативті құзыреттіліктің негізгі көздеріне келесі бағыттар жатқызылады: халықтық мәдениетте қолданылатын тілдік қатынасты білуі; мерекелік емес ортада жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынас тәжірибесі, халықтық мәдениеттің әлеуметтік нормативтік тәжірибесі. Оның қалыптасуы негізі — адамдық қарым-қатынастың тәжірибесінен туындайды.

Н.Е. Щуркованың жіктеуі негізінде келесі кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың маңызды функцияларын анықтаймыз.

Бастапқы функция — ол әріптестерді қарым-қатынасқа шақыру: ықылас білдіру, тілдесуге шығу, психологиялық қысымды түсіру, қарым-қатынас сипатының түрін еркін таңдауға әріптестің көзін жеткізу, бейтаныс адамның алдындағы қорқынышты жою; өзін бағалау мен өзіне сенімділікті арттыру, сонымен қатар басқа адаммен оңды, жақсы қарым-қатынас жасауға сендіру.

Эмпатияның дамуына байланысты келесі функция сөйлесу қызметі үшін маңызды болып табылуда. Бұл функция — байланыс жасауға шыққанда әріптесті қолдауға, серіктеске аяушылықты білдіруге бағытталған: көмек беру, оның ішкі дүниесіне қызығушылық білдіру, тұлғалық ерекшеліктерінің өзіне тән белсенді көріністерін қолдау және шабыттандыру, оның қиындықтарының бір бөлігін өзіне қабылдау. Осы жерде серіктесу функциясы ортақ рөл атқарады: әріптеспен серіктес болу арқылы, біріншіден, басқаның ішкі дүниесін білуге, рухани оқиғаларына кіруге қол жеткізілсе, екіншіден, өзінің «Мен» бөлігі басқа адамдар алдында ашылады.

Келесі кәсіби коммуникативтік қызмет дегеніміз студенттердің болашақ мансап әріптестерімен қарым-қатынасы, бұл үрдіс кезінде міндетті түрде қарым-қатынастың үшінші функциясы — тұлғаның жоғарғы функциясы іске асырылады. Жоғарғы функция білім алушыға ара-қатынас кезінде рухани және физикалық күштің әсері негізінде рухани жаңа күш пайда болуына, байланыстың қазіргі заманғы мәдениет деңгейін сақталуына ықпал етеді.

Демек, білім ғана қанша терең болғанымен, ол икемділіктің, сөйлесу дағдыларының қалыптастырылуына жеткіліксіз болуда. Осыған орай тағы да бірқатар арнайы дағдылар меңгерілуі тиіс, яғни кейбір іс-әрекеттерді тәжірибеде орындау барысында ешқандай қиындық тудырмайтын автоматтандыру әдісі ескерілуі тиіс. Сөйлеу дағдысы аясында мұндай автоматтандырылған әрекеттерге фонетикалық (сөйлеу) тыныс алу қабілеті, әр түрлі жылдамдықта және дауыс қаттылығында «сөйлеу», дұрыс артикуляция (дикция) және сөздерді дұрыс айту дағдылары жатқызылады.

Қатынас пен сезімді анық көрсету, дамыған және жетілдірілген микромикалық, пантомимикалық және мимикалық тәсілдердің қолданылуын талап етеді. Өзінің психикалық жағдайды басқару мақсатында, өзіндік қадағалау, өзіндік бақылау және өзіне бұйыра білу дағдыларын игерген болуы керек. Икемділіктің әрбір тобын қалыптастыру мақсатында жалпы білім (мысалға, психологиялық жекешелікті немесе сөйлесу психологиясын білу) болумен қатар, арнайы (мысалы, тіл мен сөйлеудің маңыздылығын білу және т.б.) білімі болуы керек. Дағдылар туралы талқылайтын болсақ, олардың барлығы әр икемділік аясында осылай немесе басқаша «жұмыс істей алуы». Мысал ретінде, дәл жасалған айқын көзқарас пен ымдау адамның сөзін анағұрлым дәлелді және түсінікті етуі, өзіндік бақылау дағдысын дұрыс реттеуге мүмкіндік жасауы, мысалға, дауыс ырғағы мен сөйлеу жылдамдығын бір ретке келтіреді.

Оқытушының кәсіби сөйлесудегі дауыс ырғағын келесі негізгі сатыларға бөліп жіктеуге болады: оқытушының дауысы кез келген аудиторияның ішінде естілуі тиіс, оқытушы дауысы жеткілікті қатты түрде айтылуы керек, тіпті күшейткіш техникалық құралдарсыз да (дауыстың динамикалық диапазоны — ауқымы); дауыстың естілуі, яғни оның қажетті нүктеге жетуі, әрбір тыңдаушыға дейін баруы, дауыстың құбылмалығы, оралымдығы, ауызша сөйлегенде интонациялық-әуезділігінің өзгеруі, оқытушының ойын жеткізу үшін толықтай және сан қырлы етуге мүмкіндік беретін жоғарғы дыбысты дауыс тембр диапазонының болуы анық.

Қорыта келгенде, ғалым И.А. Зимняя: «Ортадағы адамның қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін қарым-қатынас субъекті, өзінің ынтымақтастықты орната білуі, басқаны сол күйінде қабылдауы, басқа адамдармен өзара байланысын сипаттайтын құзырлықтың мәні» деп тұжырымдайды [4].

Құзырлық қарым-қатынасты дамытуды жүйелеудің маңызды бағыттарының бірі болуда. Коммуникативтік құзырлықты дамыту мақсатында, байланыс жасаудың қандай да бір түріндегі заңдылықтары айрықша, оған рөлдік, қызметтік, іскерлік және жеке тұлғалық заңдылықтары жатқызылады.

Қарым-қатынас жасау өнері оқытушы еңбегінің тиімділігімен тығыз байланыста. Педагогикалық қарым-қатынастың негізінде келесі біліктер: топпен байланыс орната білу, жағдайды бағалай білу, бір-бірін дұрыс түсіну және т.б. қарастырылады. Мұның барлығы коммуникативті компоненттің жемісті болуы мен кәсіби шеберліктің құрамдас бөлшегінің болуын қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда болашақ маман иесін даярлау — бүгінгі күнде адамның коммуникативті іс-әрекет қабілеттерін ашу, кәсіби және әлеуметтік рөлдерін құзыреттілікпен және жауапкершілікпен орындау мүмкіндіктерін ашу үрдісі болып қарастырылады.

Коммуникативтік технология деп өзара белсенді тілдік сөйлесу қатынас әрекеті барысында қатысушылардың барлығының, сонымен қатар ақпараттар мен құрал-жабдықтарды қатыстыра отырып оқу үрдісін ұйымдастыруды айтады. Оның жетекші және де маңызды әдісі — өзара сөйлесу байланыстағы қарым-қатынас. Жұмыс түрлерін қолдану негізінде келесі жұмыстар анықталады: жұптық оқыту (студенттердің бірін-бірі оқытуы), ынтымақтастықта оқу, топтық құрамда бірлесе отырып жұмыс атқару (топ құрамының өзгеріс үрдісі), тілдік диалог оқыту (өзара пікір алмасу шеңберінде). Коммуникативтік технология аясында тілдік қарым-қатынас негізгі орынға шығарылып, барлық жұмыс нәтижелері осы мақсатқа бағытталады. «Коммуникация» сөзінің жалпы мағынасы жалпы араласу, хабарласу, байланыс, қарым-қатынас деген тұжырымдамаларды білдіре келіп, адамдардың арасындағы өзара түсінушілікті, қарым-қатынасты анықтайды.

Коммуникативтік оқыту технологиясы пікір алысуға негізделген әдістеме ретінде қарастырылу жағдайы, адамдар тілдік сөйлесу түрінде бірін-бірі түсініп, пікірлесе алу себебіне орай сөзсіз болуында. Тұтас аяқталған ой тек грамматикалық формалар мен бірге жеке атау тұлғалы сөздер де өзара бір-бірімен байланысып, сөйлем құрамына енгенде ғана білдіре алатыны сөзсіз. Осы мақсатта студенттерді өз ойын басқаға жеткізуге, біреудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын, белгілі бір дәрежеде сөйлеу міндетін атқара алатын дәрежеге жеткізу үшін алғашқы сабақтан бастап сөйлеу қарым-қатынасының сөйлем түрінен бастап оқытылып үйретілуі тиіс.

Ф. Оразбаеваның пікірінше: «Тілдік қатынас дегеніміз — барлық адамзат арасындағы ойға, санаға қатысты болуы, ең алдымен сыртқы нышандық шындықты қабылдауынан, жеткізейін деген хабарды пайымдауынан туындайды» [5].

А. Жапбаровтың пайымдауы бойынша коммуникативтік біліктер мынадай бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. Хабардың пайда болуы.
2. Хабардың сыртқа шығуы, жеткізілуі.
3. Хабардың қабыдануы.
4. Хабардың жауабы [6].

Ф. де Соесюрдің тұжырымдасының лингвист ғалымдардың тіл мен тілдік қатынасы туралы түсініктерінің дамуына қатты әсер ететіні сөзсіз. Бұл ғалымның тұжырымдамасына сай, тіл — дайын өнім негізінде, ал тілдік қатынасымды кездейсоқ нәрсе арқылы, оны «сана мен еріктің жеке дара актісі» ретінде пайымдалуы. Сондықтан да ғалымның пікірі «тілдік қатынаста тіл құралының қалыптасуы үшін маңызды» оңды болып есептелініп, сөйлесу жағдайы белгілі бір шартқа байланысты тану біліктілігі арқылы мен тілдік модельді таңдау шеңберінде дамытылатыны дәлелденген.

Нәтижелер және талқылау

Осы алғы шарттардың бірінші қатарында педагогикада құзыреттілікке негізделген көзқарас бар, бұл көзқарасқа сәйкес оның жалпы формасындағы құзыреттілік белгілі бір білімнің, дағдылардың және қабілеттердің, сондай-ақ студенттердің жеке қасиеттерінің үйлесімі ретінде қарастырылады. Бұл тұжырымдаманың жалпы сипаты зерттелетін мәселенің мәні мәтінінде көрсетілген. Осылайша, шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі компоненттерін мен мәнін зерделеу мүмкіндігінің болуына орай ғылыми әдебиеттерді зерттеу нәтижесінде қол жеткізілді, олар келесі 1-суретте айқындалған:



1-сурет. Шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктің құрылымы

- 1) лингвистикалық құзыреттіліктің негізінде грамматикалық тұрғыдан дұрыс және мағыналы сөздерді құру қабілетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді;
- 2) пәндік құзыреттілік, әлемнің фрагменті туралы сөйлеу тақырыбы бойынша білімді қамтамасыз ету;
- 3) прагматикалық құзыреттілік коммуникативтік мақсаттарды анықтайды.

Шетелдік коммуникативтік құзыреттілік құрамына мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік жатады, оны біз ұлттық құндылықтарды, нормалар мен ұғымдарды ескере отырып, басқа мәдениеттің тасымалдаушыларымен өзара қарым-қатынас жасай алу қабілеті ретінде түсінеміз, қарым-қатынас жасауда коммуникаторларға оң көзқарас қалыптасады, вербальды және вербальды емес мінез-құлықтың коммуникативті әдістерін таңдау өз септігін тигізеді.

Мәдениетаралық қарым-қатынастың құзыреттілігі халықаралық деңгейде болашақ жоғары оқу орнының түлектерінің тиімді әлеуметтік-мәдени және кәсіби бейімделуін мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында техникалық мамандық студенттерінің шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігінің қажетті компоненті ретінде қарастырылуы тиіс.

Осылайша, шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің белгілі бір деңгейін қалыптастыруды білдіретін басқа деңгейдегі мәдениет өкілдерімен халықаралық деңгейде қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін, маманның коммуникативтік құзыреттілігінің интегративті сипаттамаларының құрамында қажетті құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады [7].

Студенттердің шетелдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту техникалық мамандық студенттерінің білім деңгейінде ең тиімді болып табылатындықтан, осы құзыреттіліктің дамыту ерекшеліктерін студенттерді оқыту тұрғысынан қарау қажет.

Лингвистикалық құзыреттілік тұжырымдамасы сондай-ақ, тілдік құзыреттілікке ұқсас деп есептейтін ғылыми әдебиеттерде де бар екенін ескеру керек, себебі ол тіл туралы ақпаратты білуді қамтиды; тілдің корреляциясы қарым-қатынастың міндеттері мен жағдайларымен байланысты; коммуникациялар арасындағы қарым-қатынасты түсіну және т.б.

Сондықтан да үш құрылымдық компонентке назар аударылуы керек, оның белгілері біз қарастыратын құзыреттілік мәнін толығымен ашып көрсетеді:

- тілдік құзыреттілік белгілері — мәтіннің мазмұнынан ақпарат алу мүмкіндігі, ғылыми мәтін түрінде жасалған лексикалық құрылымдарының грамматикалық түрде дұрыс, синтаксистік толық жиынтығын құру;

- пәндік құзыреттілік белгілері — кәсіби тұрғыдан пәнаралық қарым-қатынас жасау, туған және шетел тілдер лексикалық тұжырымдама салаларына салыстыруды жүргізе отырып, өз мамандық саласындағы жергілікті туған және шетел тілдерінің жиынтық құрамын білу қабілеті;

- прагматикалық құзыреттілік белгілері — коммуникативтік ниет арасындағы сәйкестік туралы және оларды жүзеге асыратын мәлімдемелерді; онымен қоса жағдайдың талаптары мен сөйлеу әрекеттер ағымының логикасына сәйкес бірдей ниетті жүзеге асыратын сөйлеу жағдайлары арасындағы сәйкестіктер мен мәлімдемелердің ауыспалы формасы туралы білу; сөйлеу әрекетін таңдау арқылы коммуникативті ниетті жүзеге асыру қабілеті асырылады.

Біздің зерттеу мазмұнында кәсіби бағытталған шетел тілінің коммуникативті құзыреттілігі мақсаттарға жетуге бағытталған жеке тұлғааралық өзара әрекеттесу кешенінің аспектісінде қаралады, сондықтан қарастыратын құзыреттілік құрамында келесі мүмкіндіктерді анықтау керек:

- а) өзара әрекеттесудің мақсаты мен міндеті;
- ә) басқа адамның немесе жалпы қоғамның мүдделері;
- б) сөйлеушінің өз мүдделеріне:
 - 1) бірлескен қызмет үшін іскерлік қарым-қатынас орнату;
 - 2) адамдарға немесе адамдар тобына ықпал ету мақсатында басқа адаммен немесе адамдар тобымен қарым-қатынас жасау.

Кәсіби бағытталған қарым-қатынас — бұл жеке және әлеуметтік ниеттерден туындайтын, белгілі бір тілдік құралдармен көрінетін және ықтимал кәсіби мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған кәсіби ортада арнайы ұйымдастырылған коммуникативті сипаттағы пәнаралық өзара әрекеттесу процесі.

«Шетелдік кәсіби қарым-қатынас» ұғымының көптеген тұжырымдама анықтамалары бар. Жалпы түсінік ретінде келесі анықтаманы келтіруге болады: ол шетелдік кәсіби қарым-қатынасты «ақпаратты, оның ішінде кәсіби қарым-қатынас процесінде жүзеге асырылатын серіктестің қабылдауына бағытталған кәсіби мазмұнды хабарлау» ретінде қарастырады (О.В. Викулина).

Университет студенттерін шетел тіліндегі кәсіби-бағдарланған қарым-қатынасқа тиімді оқыту үшін қажетті ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар: шетел тілі құралдарының жеке тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби маңызы бар құндылықтарды иемденуі тұрғысынан шетел тіліндегі кәсіби-бағытталған қарым-қатынастың аксиологиялық әлеуетін өзектендіру.

– бірнеше кезеңде кәсіби қызметте коммуникативтік біліктерді дамыту арқылы іс-әрекеттік тәсіл негізінде оқыту процесін ұйымдастыру (Имитациялық-жинақтау, алгоритмдік-модельдеу, өнімді-модельдеу);

– әрбір кезеңде оқыту процесін ұйымдастырудың жетекші нысаны кәсіби қарым-қатынас жағдайларын модельдеу (имитациялық-модельдеу технологиясы негізінде);

– кезең-кезеңмен оқытудағы оқытушының рөлін саралау, оқытудың мотивациялық аспектісін өзектендіру және пәнаралық педагогикалық өзара әрекеттің қалыптасуына ықпал ету студенттердің шетел тіліндегі қарым-қатынасындағы негізгі кедергілерді жоюға мүмкіндік береді.

Кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда — келіссөздер кезінде коммуниканттардың ауызша және вербальды емес мінез-құлқының ерекшеліктерімен танысуға; қарым-қатынасқа сәйкес стилистикалық тілдік және сөйлеу құралдарымен; байланыс серіктесінің мәртебелік және рөлдік сипаттама-сымен; ситуациялық контекстпен танысуға ерекше назар аударылады [8].

Бұл кезеңде студенттер метакоммуникацияны меңгереді, кәсіби жағдайдың әртүрлі кезеңдеріне бекітілген құралдар арқылы студенттердің кезеңдерді тану дағдылары қалыптасады.

Кәсіби бағытталған шетел тілін оқытудың міндеті келіссөздер процесін, оның құрылымын және метакоммуникациялық құралдарды (сөйлеу формулаларын) келіссөздер кезеңдерімен арақатынасын, қатысушылардың сөйлеу ниеті және олардың стратегиялары; студенттер назар аударудың, сөйлеу байланысын сақтаудың және серіктеспен байланысты аяқтаудың сөйлеу әдістерімен таныстыру.

Оқытудың екінші кезеңі шетел тіліндегі келіссөздер барысында әртүрлі ақпарат алмасу кезінде серіктестерді дара түсіну үшін қажетті лексика-грамматикалық материалды қолдана алуға; коммуникативтік актілер шеңберінде сөйлеу әрекеттерін бекітуге, ақпарат алмасу, сауда-саттық, талқылау шарттар, қорытындылар шығаруға бағытталған. Атап айтқанда, келіссөздер кезеңін сәтті өткізу және жақсы нәтижеге қол жеткізу.

Студенттердің мәдениаралық кәсіби құзыреттілігінің интерактивті компонентін дамыту олардың сөйлеу стилін, шарттары мен режимін бағалағаннан кейін ресми / бейресми сөйлеу элементтерін өзгерту кезінде стилистикалық құралдарды дұрыс қолдануға үйрету арқылы жүзеге асырылады.

Үшінші кезеңде шетел тілінде келіссөз жүргізушілердің тиімді өзара іс-қимылы мақсатында білімді шоғырландыру, оқытудың алдыңғы кезеңдерінің коммуникативтік біліктері мен дағдыларын жандандыру жүзеге асырылады. Келіссөздерді оқытудың соңғы кезеңінде студенттер жасырын ақпаратты түсіндіру дағдыларын дамытады

Кәсіби бағытталған шетел тілі дағдыларын дамытудың негізгі құралы — тілдік жаттығулар мен коммуникативті жүйелер жүйесі, коммуникативті мінез-құлық және әлеуметтік-мәдени құндылықтардың мөлшеріне байланысты кәсіби бағдар мен әдістемелік тиімділікке сәйкес келетін тапсырмалар мен өзара байланысты әртүрлі монологиялық және диалогтік әрекеттегі коммуникативтік форматтары болып табылады.

Жаттығулардың келесі екі түрі анықталды:

- 1) студенттерді келіссөздер үрдісіне қатысуға дайындау, рецептивті сипаттағы құбылыстар мен жаттығулар лингвистикалық-әлеуметтік мәдениетті игеруге бағытталған
- 2) рецептивтік-өнімді сипаттағы жаттығулар шетел тілінде келіссөздерді ұйымдастыруға және өткізуге бағытталған [9].

Қарастырылып отырған мәселенің түрлі аспектілері отандық ғалымдардың жұмыстарында қамтылған: кәсіптік шет тілдік білім беруді модельдеу бойынша (С.С. Құнанбаева), білім беру мазмұны, кадрлар даярлау мәселесі бойынша (Г.Ж. Меңлібекова, М.Т. Дайтуканова, Р.И. Бурганова, М.Т. Баймұқанова).

Шетел тілі аясында болашақ мамандардың коммуникативті мінез-құлқының нақты модельдерін жүзеге асыруды көздейтін кәсіби қарым-қатынасты оқытудың тәсілдерін ғылыми түсіну және негіздеу шетелдік ғалымдардың (И.А. Зимняя, Т.С. Серова, А.Е. Томахина, О.А. Галанова, Ю.А. Ермошина, Н.Ю. Кабанова, Л.И. Корнеева) еңбектері зерттелді.

Мәселе бойынша әдебиеттерді талдау шетелдік кәсіби қарым-қатынасты оқытудың күрделілігін, университет түлектерінің кәсіби қызмет барысында тиімді шетелдік қарым-қатынасты жүзеге асыра алмайтындығын көрсетті.

Университет студенттерін шетел тілді кәсіби бағдарланған қарым-қатынасқа оқыту мәселесі осы уақытқа дейін дұрыс шешілмеуі бірқатар қарама-қайшылықтарға байланысты болады:

- лингвистикалық білім беру шеңберінде жоғары оқу орнын даярлаудың іске асырылмаған мүмкіндіктері мен және қоғамның шетел тілдік кәсіби қарым-қатынасты жүзеге асыра алатын маманға деген қажеттілігі;

- сағаттардың жеткіліксіз санының бөлінуі;
- кәсіби бағытталған шетел тіліне қызығушылықтың төмен деңгейде болуы;
- студенттердің білім деңгейінің әлсіз болуы.


Кәсіби бағытталған шетел тілінің маңыздылығын білу мақсатында әр түрлі жастағы адамдар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама 300 адамға 4 бірдей сұрақ қойылды.

Сұрақтар:

- 1) How old are you?
- 2) Do you know any Foreign language?
- 3) Do you need this Foreign language in your life?
- 4) What areas can you use this knowledge?

Бұл сұрақтарды қоя отырып, адамдардың жасы бойынша «14-тен 30-ға» дейін, «30-дан 60-қа дейін» және «60 және одан жоғары» деп бөлінді. «14-тен 30-ға дейін» — 187 адам, «30-дан 60-ға дейін» — 79, «60 және одан жоғары» — 34 адам сауалнамаға қатысты.

3 сұрақтың жауаптарын сараптамасы бойынша, 144 адамға шетел тілінің білімі қажет екені белгілі болды, мұнда «14-тен 30-ға дейін» — 124, «30-дан 60-қа дейін» — 17, «60 және одан жоғары» — 3 адам. 37 адамға жұмыс бабы бойынша шетел тілі қажет екені белгілі болды. 68 адам оны сабақтар аясында қолданады, 39-ы тек демалыс үшін шетел тілін қажет етеді. 300 адамның шамамен 65% шетел тілін оқыған немесе үйренуде, 48%-ына шетел тілі өмір үшін қажет. Сонымен қатар шамамен 23% шетел тілін демалыс үшін қолданады. Жауап бергендердің 12%-на жұмыс үшін қажет, қалған 13%-на демалу үшін қажет. Сауалнама нәтижелері 2-суретте диаграмма түрінде көрсетілген.



2-сурет. Сауалнама нәтижелері

Сауалнама нәтижелері бойынша, келесі қорытындыларды тұжырымдауға болады:

1) Жас адамдар үшін шетел тілі кез келген жағдайда қажет, сонын ішінде кәсіби бағытталған шетел тілі. Себебі қазіргі заман — технологиялар дәуірі, онда шетел тілсіз қиын болатынына жауап берген адамдардың барлығы толықтай келісті.

2) Еңбекке байланысты кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, ересек адамдар үшін шетел тілі қажет емес, себебі шетел тілінен алған білімдерін қолдануға мүмкіндік жоқ.

Қорытынды

Кәсіби бағытталған коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді құралы оқытудың белсенді әдістері білім беру қызметінің субъектілері болып саналады. Белсенді оқытудың мәні келесі сипаттамаларға жауап беретін диалогтық өзара іс-қимыл болып табылады:

– мәтіндік, оның мәні жеке тұлғалық-дамытушылық жағдай педагогикалық жағдай студенттердің тұлғалық-мағыналық мазмұнында жатқан кезде ғана туындайды; студенттерге өздерінің коммуникативтік қажеттілігін іске асыра алатын өзіндік ойын алаңын ұсыну. Мұндай белсенді технологияларды сабақ барысында сөйлеу арқылы сыни ойлауды дамыту технологиясының базалық моделі түрінде қолдану үш кезеңнен (сатыдан) тұрады: шақыру сатысынан, мағыналық сатыдан және рефлексия сатысынан.

Педагогикалық технология оқытудың формалары мен құралдарын қамтиды. Оқыту әдістерін таңдау (студенттерді басты мақсатқа жету бойынша топтық қызметке қосу тәсілдері — коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру), студенттердің оқу қызметін ұйымдастыру формалары мен оқыту құралдарын таңдау пәннің міндеттерімен және оны меңгеру ерекшеліктерімен анықталады [10].

Оқыту құралдары ретінде әртүрлі типтегі және күрделілік деңгейлерінің тапсырмалары болады. Субъект-субъектілік қатынастар позициясында құрылған ынтымақтастық жағдайында жеке, топтық және ұжымдық жұмысты ұйымдастыру процесінде оқытушы мен студенттердің белсенді өзара іс-қимылын жүзеге асыру, бұл студенттердің білім алуға мотивацияны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан модельдің маңызды құрылымдық элементі PBL, TBL, RBL, Case-study, CLIL сияқты оқытуды ұйымдастыру нысандары болып табылады. Басқа көзқарасты тыңдау және есту, оның өмір сүруге құқығы бар екенін түсіну өте маңызды.

Техникалық мамандық студенттерінің коммуникативтік біліктерін дамыту кезінде, біріншіден, қазіргі педагогикалық технологиялардың негізгі сапаларын қамтуы керек: тәжірибені игерудің ғылыми концепциясы мен білім беру үрдісінің мақсаттарына қол жеткізу процесінің ғылыми негіздемесіне сүйену; жүйенің барлық белгілері болуы тиіс: процесс логикасы, оның барлық бөліктерінің өзара байланысы, тұтастығы; екіншіден, педагогикалық тұжырымдамада ұсынылған жалпы қағидаларды ұстану керек: ғылымилық, мақсатты жүйелілік және жүйелілік, әлеуметтік және оқу тәжірибесін есепке алу, студенттердің оқу, практикалық және сондай-ақ технологияның тұтастық принципі.

Қорытындылай келе, біз техникалық мамандық студенттерінің коммуникативтік біліктерінің дамуын оқыту жолымен күрделі динамикалық процесс/құрылым әрекеті ретінде анықтауымыз қажет деп санаймыз. Ол коммуникативтік іс-әрекеттер элементтерінің кезең-кезеңімен пысықталуымен сипатталады, оның мақсаты іс-әрекеттер дәйектілігін сапалы (қатесіз, мақсатқа сай, икемді, редуцияланған) орындау болып табылады. Техникалық мамандық студенттерінің коммуникативтік біліктерін дамыту ерекшеліктері болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың белгілі бір тенденциялары ретінде әрекет ететіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. — [Электрондық ресурс]. Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988>.
- 2 Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы. — [Электрондық ресурс]. Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900001045>.
- 3 Қазақстан Республикасында тіл саясатын 2020-2025 жылдарға іске асыру бағдарламасы. — [Электрондық ресурс]. Кіру режимі: https://strategy2050.kz/ru/state_programs/-2020-2025-.
- 4 Зимняя И.А. Психология обучения иностранным языкам в школе / И.А. Зимняя. — 3-е изд., пересмотр. — М.: Просвещение, 2010. — 221 с.
- 5 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі: оқыту әдістемесі / Ф.Оразбаева. Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2013. — 208 б.

- 6 Жапбаров А. Оқушылардың ауызша сөйлеу әрекетін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері / А. Жапбаров. — 9-кітап. — Шымкент : «ИП Валиев» баспасы, 2011. — 260 б.
- 7 Ghoshal S. The Individualized Corporation: A Fundamentally New approach / S. Ghoshal, C. Bartlett. — London: Random House Business Book, 2000. — 353 p.
- 8 Clark B.R. Creating entrepreneurial universities: organizational pathways of transformation Issues in Higher Education / B. Clark. — Paris: IAU Press: Pergamon: Elsevier Science, 2006. — P. 163.
- 9 Гальскова Н.Д. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика: учеб. пос. для студ. лингв. ун-тов и фак. ин. яз. высш. пед. учеб. завед. — 3-е изд. / Н.Д. Гальскова, Н.И. Гез. — М.: Изд. центр «Академия», 2006. — 336 с.
- 10 Әлкен С.Х. Сабақтан тыс уақытта тілдік емес мамандық студенттерінің шет тілінде сөйлеу біліктерін дамыту / С. Әлкен. Қарағанды: Қарағанды университеті баспасы, 2020. — 90 б.

У.И. Копжасарова, С.Х. Айтбаева, И.В. Новицкая, Б.А. Бейсенбаева

В образовательных стандартах высшего образования востребованность к профессиональным коммуникативным навыкам будущих специалистов на иностранном языке занимает очень важную роль, в которых подчеркивается широкое использование современных технологий в различных организационно-методических формах обучения. Статья посвящена проблемам преподавания иностранного языка в техническом вузе. Молодые специалисты должны эффективно использовать иностранный язык в своей будущей профессии в связи с интеграцией Республики Казахстан в мировое сообщество. Преподавание иностранных языков в неязыковых вузах имеет особую актуальность, поскольку иноязычное общение современных специалистов в профессиональной сфере становится все более тесным в связи с эффектом роста деловых, профессиональных, научных контактов специалистов в мировом сообществе. Решение этой задачи потребовало усиления роли обучения профессиональному общению на английском языке технических специальностей студентов. Под коммуникативной компетенцией студентов технических специальностей на иностранном языке мы понимаем человека, который взаимодействует на иностранном языке, он готов осуществлять межкультурный профессиональный диалог в поликультурном пространстве в условиях международной мобильности и интеграции. Это требование направлено на рассмотрение способов развития у студентов университетов способности к профессиональному общению и на обучение будущих профессионалов умению профессионально общаться и вести бизнес в будущем.

Ключевые слова: профессиональное общение, коммуникативная компетентность, общение, интеграция, лингвистическая компетентность, предметная компетентность, прагматическая компетентность, вербальное и невербальное общение.

U.I. Kopzhasarova, S.H. Aitbaeva, I.V. Novitskaya, B.A. Beisenbaeva

Technical students' teaching features of professional foreign languages

In the educational standards of higher education, the demand for professional communication skills of future specialists in a foreign language plays a very important role; they emphasize the improved use of communicational information technologies of various organizational and methodological forms of education. The article focuses on the problems of foreign language teaching at a technical university. Young specialists should effectively use a foreign language in their future profession due to the integration of the Republic of Kazakhstan into the world community. Teaching a foreign language in non-linguistic universities has particular relevance. Solving this problem required strengthening the role of teaching professional communication in a foreign language for the technical specialties students. By the communicative competence of students of technical specialties in a foreign language, it means a person who interacts in a foreign language; he is ready to have intercultural professional interaction in a multicultural filed in the context of worldwide mobility and integration. This requirement seeks to consider ways to develop the ability of university students to communicate professionally and to train future professionals to communicate professionally and do business in the future.

Keywords: professional communication, communicative competence, communication, integration, linguistic competence, subject competence, pragmatic competence, verbal, non-verbal communication.

References

- 1 Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymdy damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы [State Program for the Development of Education and Science in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025]. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988>. [in Kazakh].

2 Qazaqstan Respublikasynda til saiasatyn iske asyru zhonindegi memlekettik bagdarlamasy [State program for the implementation of the language policy in the Republic of Kazakhstan]. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900001045> [in Kazakh].

3 Qazaqstan Respublikasynda til saiasatyn 2020-2025 zhyldarga iske asyru bagdarlamasy [State program for the implementation of the language policy in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025]. Retrieved from https://strategy2050.kz/ru/state_programs/-2020-2025- [in Kazakh].

4 Zimnyaya, I.A. (2010). Psikhologiiia obucheniiia inostrannym yazykam v shkole [Psychology of teaching foreign languages at school]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].

5 Orazbaeva, F. (2013). Tildik qatynas: teoriiasy zhane adistemesi: oqytu adistemesi [Language communication: theory and methodology: manual]. Almaty [in Kazakh].

6 Zhapbarov, A. (2011). Oqushylardyn auyzsha soileu areketin damyta oqytudyn gylymi-adistemelik negizderi [Scientific-methodical bases of developing training of oral speech activity of students]. 9-kitap — 9-book. Shymkent “IP Valiev” [in Kazakh].

7 Ghoshal, S., & Bartlett, C.A. (2000). The Individualized Corporation: A Fundamentally New approach. London: Random House Business Book.

8 Clark, B.R. (2006). Creating entrepreneurial universities: organizational pathways of transformation Issues in Higher Education. Paris: IAU Press: Pergamon: Elsevier Science.

9 Galskova, N.D. (2006). Teoriiia obucheniiia inostrannym yazykam. Lingvodidaktika i metodika [Theory of teaching foreign languages. Lingvodidactics and methodology]. Moscow: Akademiia [in Russian].

10 Alken, S.H. (2020). Sabaqtan tys uaqytta tildik emes mamandyq studentterinin shet tilinde soileu biliklerin damyту [Development of foreign language communicative skills of non-linguistic specialties students on extra-curricular time]. Karaganda [in Kazakh].

BUKETOV UNIVERSITY

С.К. Омаров*, К.З. Жунусова¹, Д.Р. Смакова, Т.Д. Айтказина

*Республиканский научно-практический центр экспертизы содержания образования,
Астана, Казахстан*

*(*Корреспондирующий автор. E-mail: saiat62@mail.ru)*

Scopus Author ID: 12140303900¹, ORCID ID: 0000-0002-9768-5741¹

Анализ и совершенствование системы экспертизы учебников и УМК в Казахстане

В статье рассмотрены проблемы экспертизы школьных учебников и меры по их совершенствованию. Разработка качественных учебников и его адекватная оценка имеют важное значение для обеспечения эффективными образовательными ресурсами. В этой связи вопрос повышения качества учебников и требований к научно-педагогической экспертизе является одним из приоритетных задач системы образования. В работе осуществлен анализ существующей практики экспертизы учебников в Казахстане и опыт зарубежных передовых стран в области экспертизы учебников. Выявлены сильные и слабые стороны, определены возможности и угрозы действующей системы экспертизы, даны рекомендации по его улучшению. Для определения направлений усовершенствования действующей процедуры экспертизы учебников проведены эмпирические исследования среди экспертов учебной литературы. Собраны и проанализированы мнения и отзывы экспертов, учтены их замечания и предложения по технологии проведения экспертизы. Для совершенствования процедуры экспертизы учебников и УМК предложена матрица экспертизы, разработанная в рамках проекта «Модернизация среднего образования» и реализуемая Республиканским научно-практическим центром экспертизы содержания образования Министерства просвещения Республики Казахстан при поддержке Всемирного Банка и с дальнейшей их корректировкой и адаптацией в систему экспертизы учебных изданий с учетом специфики предметного содержания во всех уровнях образования.

Ключевые слова: экспертиза, критерий оценки, структура и содержание учебника, образовательные ресурсы, учебник, учебно-методический комплекс, содержание образования, повышение качества образования.

Введение

Стремление к интеграции в международное образовательное пространство и повышение глобальной конкурентоспособности обусловили модернизацию системы образования Казахстана. Общей целью образовательных реформ страны является формирование интеллектуальной нации, представители которой обладают конкурентоспособными знаниями, креативным мышлением, а также высокими гражданскими и моральными принципами, патриотизмом и социальной ответственностью. Реализация данной задачи требовало кардинальных изменений как в образовательных целях, так и в методике обучения. В рамках этого с 2016 по 2020 гг. в стране было внедрено обновленное содержание среднего образования, в котором пересмотрены содержание, подходы, методы обучения и воспитания, внедрена принципиально новая система оценивания достижения учащихся. В этой связи поменялась фундаментальная миссия учебника как основного средства обучения. Именно учебник может обеспечить согласованность между учебной программой и целями обучения, также внедрение новшеств в процесс преподавания и обучения. Все это требует актуализированной политики в отношении учебников.

Учитывая ценность учебников, становится очевидно, что учебник как значимый компонент образовательного процесса должен являться результатом систематического междисциплинарного исследования, подвергаться систематическому и организованному процессу составления и разработки и, несомненно, должен подлежать систематической экспертизе до и после внедрения в образовательный процесс [1; 73].

С появлением так называемого «массового образования» учебники стали и остаются главным средством в учебном процессе. ЮНЕСКО открыла новый взгляд на качество учебников, придав равный вес знаниям, установкам и навыкам и приняв во внимание не только содержание учебника, но и сам учебник в контексте обучающихся [2; 6]. Принятие правильной концепции учебника важно, так